

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 қапандағы N 118 және 2004 жылғы 31 тамыздағы N 917 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 31 мамырдағы N 538 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Мемлекеттік мүлікті басқарудың және жекешелендірудің тиімділігін арттырудың 2003-2005 жылдарға арналған салалық бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 ақпандағы N 118 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 5, 56-құжат):

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жыл сайын 1 ақпан мен 1 тамызға:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті - республикалық меншік бойынша; облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері - коммуналдық меншік бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне Бағдарламаны іске асыру барысы туралы ақпарат ұсынсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары А.С. Есімовке жүктелсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік мүлікті басқарудың және жекешелендірудің тиімділігін арттырудың 2003-2005 жылдарға арналған салалық бағдарламасында:

"Бағдарламаны іске асыру жөніндегі 2003-2005 жылдарға іс-шаралар жоспары" деген 8 - бөлімде:

реттік нөмірлері 2.2., 2.11., 2.17., 3.3-жолдардағы, 3-бағанда "ҚарМ ММЖК-ге ақпарат беру", "ҚарМ ММЖК-ге ақпарат беру (коммуналдық меншік бойынша)" деген сөздер тиісінше алынып тасталсын;

реттік нөмірі 1.6-жолда 4-баған мынадай редакцияда жазылсын:

" Э Б Ж М , Қ а р М " ;

реттік нөмірі 2.4-жолда:

3-баған "ҚарМ ММЖК-ге" деген сөздерден кейін ", әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдіктерімен" деген сөздермен толықтырылсын;

4-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Орталық атқарушы органдар және өзге де мемлекеттік органдар (келісім бойынша), коммуналдық меншіктің атқарушы органдары";

реттік нөмірлері 2.5., 2.6-жолдардағы 3-баған "(республикалық меншік бойынша)" деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 2.7-жолдағы 2-бағанда ("2001 жылғы 9 сәуірдегі N 182 " деген сөздер "2003 жылғы 2 сәуірдегі N 135 " деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 2.8-жолда :

2-бағанда "2001 жылғы 9 сәуірдегі N 182" деген сөздер "2003 жылғы 2 ақпандағы N 135" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-баған "(республикалық меншік бойынша)" деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 2.9-жолда :

2-бағанда "2001 жылғы 9 сәуірдегі N 182" деген сөздер "2003 жылғы 2 ақпандағы N 135" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-баған "(республикалық меншік бойынша)" деген сөздермен толықтырылсын;

4-бағанда "ЭМРМ, ККМ, АШМ" деген аббревиатуралар "Орталық атқарушы органдар және өзге де мемлекеттік органдар (келісім бойынша)" деген сөздермен ауыстырылсын ;

реттік нөмірі 2.14-жолдағы 2-бағанда "2)," деген сан алынып тасталсын;

реттік нөмірі 4.1-жолдағы 2-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін объектілердің тізбесі бойынша экономиканың стратегиялық мәні бар салаларында меншіктің мемлекеттік мониторингін жүзеге асыруды қамтамасыз ету";

реттік нөмірі 4.2-жол алынып тасталсын;

реттік нөмірі 4.3-жолда :

2-бағанда ", сенімгерлік басқарушылардың, концессияшылардың және жалгерлердің" деген сөздер алынып тасталсын;

3-бағанда "ҚарМ ММЖК-ге ақпарат беру (коммуналдық меншік бойынша)" деген сөздер алынып тасталсын ;

4-бағанда "ҚарМ ҚБК" деген сөздер алынып тасталсын;

2) "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 917 қаулысына :

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді ж о с п а р ы н д а :

2005-2007 жылдарға арналған қолданыстағы және әзірленіп жатқан мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламалардың тізбесінде (4-бөлім):

"Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі" деген т а р а у д а :

"Әзірленетін мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарлама" деген п а р а г р а ф т а :

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 64-2-жолмен толықтырылсын:
"64-2 Мемлекеттік 2006 - ЭБЖМ, Талап Талап Талап
мүлікті 2008 жж. ҚарМ етілмейді етілмейді етілмейді

б а с қ а р у д ы ң ж әне
ж е к е ш е л е н д і р у д і ң
т и і м д і л і г і н
а р т т ы р у д ы ң
2 0 0 6 - 2 0 0 8
ж ы л д а р ғ а а р н а л ғ а н
б а ғ д а р л а м а с ы
(М е м л е к е т т і к
м ү л і к т і
б а с қ а р у д ы ң ж әне
ж е к е ш е л е н д і р у д і ң
т и і м д і л і г і н
а р т т ы р у д ы ң
2 0 0 3 - 2 0 0 5
ж ы л д а р ғ а а р н а л ғ а н
с а л а л ы қ
б а ғ д а р л а м а с ы н
і с к е а с ы р у
ж ө н і н д е г і і с - ш а р а л а р
ж о с п а р ы н ы ң 1 . 6 -
т а р м а ғ ы н а с ә й к е с

өзірленеді)

".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі